

"Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 3 қазандағы N 548 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 528 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 30 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5947 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2011.01.12 № 503 (ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жалпы орта білім беру ұйымдарын басқаруды автоматтандыру жөніндегі ақпараттық жүйенің енгізілуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 3 қазандағы N 548 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5343 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдарының 2008 жылғы 15 қарашадағы N 11 актілер жинағында жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу е р е ж е с і н д е :

4 - т а р м а қ :

4) тармақшада "білім беру ұйымдарының" деген сөздердің алдынан " ақпараттық жүйені енгізетін заңды және жеке тұлғаларды тарта отырып" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) тармақшада "білім беру жүйесінің" деген сөздердің алдынан "бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстары және/немесе мобильдік байланыс арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

8 - т а р м а қ :

бірінші абзацтағы "төрт" сөзі "бес" сөзімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) нәтижелілік – білім беру ұйымдарына енгізілген ақпараттық жүйе арқылы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының жедел мониторингі және оны бағалау." ;

10-тармақ "жұмыс істеуіне" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы б) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"б) ата-аналар аудиториясы үшін білім беру ұйымдары оқушыларының ағымдағы және кезеңдік үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпаратты жинауға және беруге ;

7) Министрлік және оның құрылымдық бөлімшелері үшін білім беру ұйымдары оқушыларының ағымдағы және кезеңдік үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпаратты жинауға және талдауға." ;

14-тармақ мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) ата-аналарды оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының ағымдағы деңгейі туралы қашықтықтан ақпараттандыру ;

9) ата-аналар мен оқушылар үшін оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының электрондық тізілімдер жүйесінің интернет-ресурсы." ;

18 - тармақ :

1) тармақша мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"корпоративтік ынтымақтастық – балалардың ағымдағы үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ата-аналарды жедел ақпараттандыру жүйесін дамыту." ;

2) тармақша мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"оқушылар үлгерімінің ағымдағы және кезеңдік нәтижелерінің электрондық базасын басқару." ;

20-тармақтың 3) тармақшасындағы "сертификатталған" деген сөзден кейін " және патент қорғаған" деген сөздермен толықтырылсын ;

36-тармақ мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) республиканың оқу орындарындағы оқушылар үлгерімінің электрондық тізілімі." .

2. Мемлекеттік сатып алу және күрделі құрылыс департаменті (Н. Қыстаубай)

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын ;

2) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының барлық білім басқармаларына (департаменттеріне), жоғары оқу орындарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жауапты хатшы Ф.Ш. Қуанғановқа жүктелсін .

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК